

"Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің 2011 жылғы 22 қыркүйектегі № 08-3/534 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 16-07/145 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 02 мамырда № 8448 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 17 шілдедегі № 7-1/369 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.07.2014 № 7-1/369 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз).

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 12-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу жүргізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 22 қыркүйектегі № 08-3/534 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

берілген бұйрықпен бекітілген Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу жүргізу ережелерінде:

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Тіркеуге ветеринария саласындағы ветеринариялық мамандармен жүзеге асырылатын келесі кәсіпкерлік қызмет түрлері кіреді:»;

6 - т а р м а қ т а :

3) тармақша алынып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«мамандардың білімі туралы мәліметтерді қамтиды.»;

8 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;»;

бірінші бөліктің үшінші абзацы алынып тасталсын;

берілген ереженің 1 және 2-қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес
жаңа редакцияда жазылсын.

2. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (М.Қ. Тайтубаев)

зандылықта белгіленген тәртіпте осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілуін және оның ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр А. Мамытбеков
«Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу жүргізу ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2011 жылғы 22 қыркүйектегі № 08-3/534 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі

№ 16-07/145 бұйрығына қосымша

Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу жүргізу қағидасына

1-қосымша

Нысан

Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті іске асыратын мамандар тізілімі

Реттік №, күні (тіркеу нөмірі)	Маманның аты-жөні, ЖСН	Ветеринариялық қызметті жүзеге асыратын орны	Көрсетілетін қызмет түрлері	Маманның білімі туралы мәлімет
1	2	3	4	5

Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу жүргізу қағидасына

2-қосымша

Нысан

ЖАО

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәлэндиратын құжаттың нөмірі, ЖСН)
мекен-жайы: _____

ӨТІНІШ

Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария маманы ретінде тіркеуді өтінемін.

Қызмет түрлері: _____

Келесі құжаттарды қоса беріп отырмын:

Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі: _____

білім туралы дипломның көшірмесі: _____

Жалған мәлімет және дұрыс емес құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілдім. Мен ұсынған мәліметтері мен құжаттардың тексерілуіне қ а р с ы е м е с п і н .

Қызмет жүзеге асырылатын орын: _____

_____ 20__ жыл

_____ (өтініш берушінің қолы)

Қосымша: _____ парақта. Құжаттар қабылданды _____ 20__ жыл

_____ (құжат қабылдаған тұлғаның қолы)

Өтініш берушінің тіркеу № _____

_____ (жырту сызығы)

ТАЛОН

Өтініш берушінің тіркеу № _____

Азаматтың өтініші және құжаттары _____

Қабылдадым _____ 20__ жыл _____

_____ (қолы) (қолдың талдауы)

Құжаттар саны _____ дана _____ парақ.

Орындалу мерзімі _____ 20__ жыл